



## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Руанда Республикасының Үкіметі арасындағы дипломатиялық және қызметтік паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 6 наурыздағы № 125 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2024 жылғы 25 қыркүйекте Нью-Йорктегі жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Руанда Республикасының Үкіметі арасындағы дипломатиялық және қызметтік паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

O. Бектенов

Ескерту. Нормативтік құқықтық  
актіге қоса тіркелген  
халықаралық  
Келісімнің мәтіні ресми болып  
табылмайды.

ҚР халықаралық Келісімнің  
жасасқан тілдердегі ресми  
куәландырылған көшірмесін ҚР  
халықаралық Келісімдерін  
тіркеуге, есептеуге және  
сақтауга жауапты

ҚР Сыртқы істер министрлігінен  
алуға болады  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2025 жылғы 6 наурыздағы  
№ 125 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Руанда Республикасының Үкіметі арасындағы дипломатиялық және қызметтік паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісім

Бұдан әрі жеке-жеке Тарап және бірге Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Руанда Республикасының Үкіметі

екі мемлекет арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға ұмтыла отырып,

Қазақстан Республикасы мен Руанда Республикасының азаматтары – жарамды дипломатиялық және қызметтік паспорттар иелерінің екі мемлекет арасындағы өзара сапарларын женçілдетуді қалай отырып,

өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес әрекет ете отырып,

төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Бір Тарап мемлекетінің азаматтары – жарамды дипломатиялық және қызметтік паспорттардың иелері екінші Тарап мемлекетінің аумағына алғаш келген күннен бастап құнтізбелік 180 (жүз сексен) күндік кезең ішінде жиыны құнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге визасыз көп мәрте келуге, транзитпен өтуге және болуға құқылы.

## 2-бап

Тараптардың бірі мемлекетінің азаматтары – екінші Тарап мемлекетінің аумағында дипломатиялық өкілдіктің немесе консулдық мекеменің қызметкері ретінде қызметтік іссапарда жүрген жарамды дипломатиялық және қызметтік паспорттардың иелері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері – жарамды дипломатиялық және қызметтік паспорттардың иелері екінші Тарап мемлекетінің аумағына өздері аккредиттелген кезеңге визасыз келе алады және кете алады, бірақ екінші Тарап мемлекетінің аумағына келгеннен кейін тұруға ықтиярхат алуға өтініш беруге тиіс.

## 3-бап

Тараптардың әрқайсысы мемлекеттері азаматтарының дипломатиялық және қызметтік паспорттары екінші Тарап мемлекетінің аумағына келген күннен бастап кемінде 6 (алты) айға жарамды болуға тиіс.

## 4-бап

1. Тараптардың бірі мемлекетінің азаматтарының – жарамды дипломатиялық және қызметтік паспорттар иелерінің екінші Тарап мемлекетінің аумағына келуі, транзиті және кетуі екі мемлекеттің халықаралық қатынас үшін ашық ресми өткізу пункттері арқылы жүзеге асырылады.

2. Тараптардың бірі мемлекетінің азаматтары – жарамды дипломатиялық паспорттардың иелері екінші Тарап мемлекетінің аумағында болған кезеңде 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының және 1963 жылғы 24 сәуірдегі Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясының ережелеріне залал тигізбей, осы Тарап мемлекетінің қолданыстағы ұлттық заңнамасын сақтауға міндетті.

## 5-бап

Тараптардың әрқайсысында келуін өзі қоштамайтын екінші Тарап мемлекеті азаматтарының – жарамды дипломатиялық және қызметтік паспорттар иелерінің өз

мемлекетінің аумағына келуіне рұқсат беруден бас тарту не болу мерзімін қысқарту құқығы сақталады.

## 6-бап

1. Тараптардың әрқайсысы ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті немесе қоғамдық денсаулықты қамтамасыз ету мақсатында осы Келісімнің қолданысын уақытша, ішінara немесе толық тоқтатып қоя алады.

2. Осы Келісімнің қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ оның қолданылуын қайта бастау туралы шешім қабылдаған Тарап ол күшіне енгенге дейін кемінде 72 (жетпіс екі ) сағат бұрын екінші Тарапты дипломатиялық арналар арқылы өзінің осындай шешімі туралы хабардар етеді. Осы Келісімнің қолданылуын тоқтата тұру екінші Тарап мемлекетінің аумағында жүрген, осы Келісімнің 1 және 2-баптарында аталған Тараптардың бірі мемлекетінің азаматтарының құқықтарын қозғамайды.

## 7-бап

Тараптар осы Келісімге қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дипломатиялық арналар арқылы жарамды дипломатиялық және қызметтік паспорттардың үлгілерімен алмасады. Тараптардың әрқайсысы дипломатиялық және қызметтік паспорттарға өзгерістер енгізілген жағдайда олар қолданылатын күнге дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын бұл туралы екінші Тарапты хабардар етуге міндетті.

## 8-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде туындастын кез келген келіспеушілік немесе дау Тараптар арасындағы консультациялар немесе келіссөздер арқылы шешіледі.

## 9-бап

Осы Келісімге өзара келісім бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жекелеген хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің 10-бабының 1-тармағына сәйкес күшіне енеді.

## 10-бап

1. Осы Келісім оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгіленбекен мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тараптың оның қолданысын тоқтату ниеті туралы тиісті жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап 6 (алты) ай өткенге дейін күшінде қалады.

2024 жылғы 25 қыркүйекте Нью-Йорк қаласында әрқайсысы қазақ және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің мәтіндері арасында алшақтық туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүргінеді.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Руанда Республикасының Үкіметі  
үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК